

Көрнекті әдебиетші, ғалым Қ. Жұмалиев өзінің «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «IX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қол жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ы.Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», – деп баға берді.

Оның еңбектері жан-жақты зерттеліп, ондаған ғылыми-зерттеу еңбектер жазылған, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Қазақ әдебиетінде педагог-жазушының көркем бейнесі жасалуда. Мысалы, белгілі ақын Ғафу Қайырбеков «Дала қоңырауы» поэмасы, ...М. Ақынжанов «Ыбырай Алтынсарин.» пьесасын, Жайсанбек Молдағалиев «Алғашқы ұстаз» романын жазды. Кинофильм түсірілген. Қостанайда оған арналып ескерткіш орнатылған, дарынды оқушыларға арналған Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернаты, кітапханасы мен мұражайы ашылып қызмет етуде, сонымен бірге Ыбырай Алтынсарин кесенесі және көше атауы да бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ы. Алтынсарин 2 томдық жинағы (1 том).
2. Ы.Алтынсарин тағылымы. М. Жармұхамедов, Алматы баспасы 1991ж.
3. Тарихи тұлға тағылымы. Ә. Дербісәлин, Арда баспасы 2005 ж
4. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары, С. Қалиев, Қ. Аюбаев, С. Қалықова, М. Смаилова, Рауан баспасы 1991ж.

Ы.АЛТЫНСАРИН – БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

Сейдағалиева Г.

Жангелдин ауданы «Ш.Уәлиханов атындағы Торғай орта мектебі» ММ-сі

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт- бағдар сілтеген, сөйтіп, сол ұлттың, халықтың тарихында есімдері ерекше аталатын зор тұлғалар болатыны айқын.Өзінің халқы үшін көшкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істерімен халық есінде қалған және бір данышпан перзенті бар, ол- тұңғыш ағартушы, педагог-жазушы Ыбырай Алтынсарин.

Педагог-жазушының ізденіске, күреске толы өмірінің баршамыз үшін, әсіресе өмір босағасынан енді аттаған жастар үшін ғұмырын халыққа арнаудың өшпес өнегесіндей танылуы, солай қабылданылуы заңды. Өйткені ол өзіне дейін толғағы әбден жеткен, бірақ шешімін таппаған бірсыпыра әлеуметтік мәселелерді бірінші болып қолға алып, алғаш іске асырды.

Қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді халық өмірінде бұрын-соңды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындау

Ы. Алтынсаринге, әрине, ол кезде оңайға түскен жоқ. Өйтсе де, халқын сүйген, сүйген де оның жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі күрескер Ы. Алтынсарин: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деп Н.И.Ильминскийге (1884 жылдың 14 сентабрі) сеніммен жазғанындай, сан-сала қиындықтармен табанды күресе жүріп, әрі орыс достарының, әріптестерінің көмегін, ақыл-кеңесін де пайдалана отырып, осындай қажырлы еңбегі, күресі арқасында 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен-балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілген еді. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған жас ағартушының осы жолдағы алғашқы жеңісі, ал қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік маңызды тарихи оқиға болатын. Сондықтан да болар, Ыбырай Алтынсарин бұл қуанышын (дұрысы жеңісін) Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылы (яғни 1864 жылы) январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға,қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, не бәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды...» – деп айрықша мақтаныш сезіммен жазды.

Тұңғыш білім отауының босағасын алғаш аттаған он төрт баланың есімдері бізге беймәлім болғанымен, олардың жұдырықтай жүрегін билеген сезімдері соншалықты таныс,ыстық қой.

Ы.Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде, олардың ой-санасына қозғау салып жетілдіруде өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін, алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрды.

Ы.Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879) деп аталатын ана тіліміздегі тұңғыш оқулықтың авторы. Бұл қазақ халқы үшін, әсіресе, оның жас ұрпақ балалары үшін тың жа-

на бастама болды. Хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Олар: жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлық-дәулеттен жоғары қою, тағы басқалар.

Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» – «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер-білімі бар жұртқа» – терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес. Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман – сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туындының қазіргі тәуелсіз заманда жаңа мәнге ие болып, бүгін де бұдан бір ғасыр бұрынғыдай өзінің тот баспас, мәңгі тозбас озық идеясымен бүлдіршіндерді білім бағына шақыра бермек.

А. Дистверг «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, ал жақсы ұстаз шындықты іздеп табуға үйретеді» деген екен. Осы шындықты іздеп табуға үйреткен алғашқы ұстаз-Ы.Алтынсарин: «Білім дегеніміз – өзімізді қоршаған шындықты танып білу» – деп анықтама берді.

Алтынсарин дүние жүзі педагог классиктерінің гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында оқу-ағарту практикасына енгізген тұңғыш педагог болды. Ыбырай орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді. Алтынсарин жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосты. Ол қазақ жастарын, ең алдымен, оқу, өнер-білім, техниканы меңгеруге шақырды. Оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады. Өмірдің бар қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым-білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді.

Надандық тың белгісі-

Еш ақылға жарымас,

Жайылып жүрген айуандай

Ақ-қараны танымас.

Аяңшыл ат арымас,

Білім деген қарымас,

Жөн білмеген наданға

Қыдыр-ата дарымас.

Оқу-білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, өмірде сарқылмас мол байлық-білім екендігін айта келіп, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді.

Оқу деген шыны-ды,

Тұрған сайын шыныққан...

Оқу білген адамдар

Май тамызған қылыштан...

Білмегенді білуге

Есті бала тырысқан,

Есер бала ұрысқан.

Әлпештеген ата-ана

Қартайтын күн болар,

Қартайғанда жабығып ,

Мал таятын күн болар.

Ата-анаң қартайса-

Тіреу болар бұл оқу,

Қартайғанда мал тайса-

Сүйеу болар бұл оқу!

– деп тек малмен ғана күн көрмей, болашақ ұрпаққа жаңа дүниенің бетін ашып, оқу- біліммен де өмір сүруге болатындығына көзін жеткізеді. Сонымен қатар бұл ойын

Мал-дәулеттің байлығы

Бір жұтасаң, жоқ болар.

Оқымыстының байлығы

Еш жұтамақ жоқ болар.

– деп оқу-білімнің маңыздылығын, оның мәңгі өшпейтін шырақ екендігін тағы бір дәлелдейді.

Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай-қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды. Оқыған, мәдениетті азаматтың өмір сүруі де, еңбектенуі де анағұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді. Мысалға «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде:

*Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызды,
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай*

– деп өнер-білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті болуға шақырады. Осыларды білмеген адамға бәрі таңсық көрінер, дегенмен игеруге болатын істер екендігін:

*Біз де бекер жатпалық
Осыларға таныспай.*

– деп жастарды заман ағымынан қалмауға шақырады және бұл ойын:

*Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз қалыспай.*

– деп түйіндейді. Бір ғасырдан астам бұрын айтылған ұлы ағартушының осы өлеңі қазіргі заман жастарына да үлгі етіп айтарлықтай мағынасын жоғалтпаған сияқты. Қазір де қарқынды дамып келе жатқан заман көшіне ілесу оңай емес. Басқа мемлекеттер қатарынан қалмау үшін жаңа технология заманында жаңа техника құралдары компьютер, интернет желісі, ұялы байланыс құралдары сияқты озық үлгілерді меңгеруі қажет.

Ы.Алтынсарин өз шығармаларында өмірдегі шындықты жазды, өмірге аса қажетті жаңалықтарды дәріптеді, халықты білім алуға шақырды. Көркем сөзбен жазылған әңгімелерінде халықты отырықшылыққа, егін, қолөнері кәсіптерімен шұғылдануға үгіттеді, «Қыпшақ Сейітқұл», «Ағаш үй мен киіз үй» сияқты әңгімелерінде қазақ халқының күнделікті өмір сүруіне жол көрсетіп, дұрыс бағытқа сілтеді. Алтынсарин әңгімелерінің жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызы өте зор. Ол жастарды әдептілікке, сабырлыққа «Алтын шеттеуік», қанағаттылыққа «Қанағат», мейірімділікке «Шеше мен бала», ұқыптылыққа «Бір уыс мақта», әділдікке «Әділдік», еңбектенуіне «Дүние қалай етсең табылады», тағы басқа өнегелі істерге үгіттеді. Балаларға арналған оның әңгімелерінің дидактикалық маңызы аса зор.

Жазушының қай әңгімелерін алсақ та оның мағыналы, соңы өнегелі біткенін көреміз. Оның ұсақ әңгімелері, біріншіден, қысқа, балалардың көкейіне қонатындай көркем сөзбен жазылған, мағынасы анық, тұжырымды; екіншіден, жастарға дұрыс бағыт, өнеге беретін дидактикалық тұрғыдан жазылған әңгімелер.

Оқушы балаларға тәлім-тәрбие беруге арналған әңгімелері – «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Өтіріктің залалы», «Төкаббаршылық» т.б.

Ұсақ әңгімелерінде: «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқаларында, Ыбырай Алтынсарин балаларды оқып білім алуға, зирек болуға үндейді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде ынтасымен оқудың, зиректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің басты кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Россияға белгілі суретші болып шығады.

«Төкаббарлық» атты әңгімесінде Вениамин Франклин деген даңқты білім иесінің жастық шағында басынан кешкен бір уақиғаның оған өмір бойы сабақ болғанын айта келіп, хан болсаң да, қара болсаң да, кішіпейілділіктен опық жемейсің, төкаббарлық ұятқа қалдырады дегенді түйіндейді.

«Байұлы» атты әңгімесінде Байұлының әкесі мінгізген тайын кедейдің баласына беруін көріп, оның мырзалығына, қайырымдылығына сүйсінген ақсақалдың: «Ей, Құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер!» – деп бата беруін, сол кісінің батасы қабыл бо-

лып, ақырында, Байұлынан он екі ұл туып, бәрі де асқан бай болғанын, олардан елге қадірлі, Мырза Байұлы деген рудың тарағанын баяндайды. Ыбырай «Батаменен ер көгереді», «Баталы ұл арымас» деген халық қағидаларының өміршеңдігін әңгімеге арқау етіп, жастарды қайырымды, ізгі жүректі болуға, жоқ-жітік, жетім-жесірге қамқоршы болуға үндейді.

Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясына» енгізген бір топ әңгімелері жастарды еңбекті сүйеге, оқуға, өнерге ұмтылуға, жігерлі, төзімді, мақсатшыл болуға баулиды. Ыбырайдың бұл тақырыпқа арнаған бір топ шығармалары бар.

Олар: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Жан-жануарлар айтысы», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Мұңсыз адам» т.б. бұл әңгімелерінің бәрінде табиғатта тіршілік ететін жәндіктердің бәрі еңбек етіп, күн көреді деген ой айтылады. Жазушы осы арқылы еңбек-адамның екінші анасы. Ол адамды шыңдайды. Өмірге үйретеді дегенді меңзеп отыр.

Ыбырай өзінің «Қазақ хрестоматиясына» жазған алғы сөзінде біраз шығармаларды орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның «Хрестоматиясынан» аударып алғанын айтады. Ол балаларды қазақ әдебиетінің үлгілерімен таныстырып қоюды жеткіліксіз санады. Сөйтіп, И.И.Паульсон, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстойдың балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударып, өз оқулығына енгізді. Ыбырай шығармаларды қысқа мазмұнға құрды. Балалардың түсінігіне жеңіл етіп жазды.

Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел, афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тәлімдік мәніне ерекше көңіл бөлу- Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері.

Ыбырай шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді.

Алтынсарин ағартушылық істерін іске асыруда талай қиыншылықтарға кездесті, оған ағарту жұмысын тыңнан ұйымдастыруға тура келді. Бір хатында Ыбырай Алтынсарин: «бізге ең ауыр және жауапты кез келіп отыр; бұл кезеңде біз бәрін де жаңадан бастап жасауымыз керек, осы жаңалықтың бәрін қараңғы халықтың арасына енгізіп, күшіміздің келгенінше, біліміміздің жеткенінше олардың көзін ашуымыз керек. Іс басында жақсы қойылса, оның ақыры да жақсы болады. Ешбір дайын материалдық күшсіз мектеп ашу бәрінен де қиын екен. Сондықтан мен қазір ел кезіп, әртүрлі топтардан, әртүрлі қоғамдық, уездік және облыстық үкімет орындарынан қаражат сұрап алып жүрмін» – деп жазды. Ыбырай тек мектептер ашумен тынған жоқ, ол мектептерде оқыту әдісіне, оқушыларды тәрбиелеу мәселелеріне де аса көңіл бөлді.

Ыбырайдың ағартушылық қызметінде балаларды тәрбиелеп оқыту мен қатар, мұғалімдердің беделін көтеру, рөлін арттыру мәселелері үлкен орын алады. Мұғалімдер оқушыларын өз балаларындай көрулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деп ойлады Алтынсарин.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің рөлін Ыбырай Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен жақсы көремін...

Халық мектептері үшін ең керектісі- оқытушы, – деп жазды Ыбырай Алтынсарин- тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды».

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдерді құрметтеді, неңдей мәселе болмасын, әрқашан да оларға кеңес беріп отырды. Оқушылар келешекте «парақор болып шықпаулары үшін, оларға адамгершілік жағынан әсер етуде, бар күшімді салып отырмын» – деп жазды Ыбырай.

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық еңбегі ұшан – теңіз. Ол халқын нағыз шын сүйген ұлтшыл азамат болды. Ол «Қазақ деген- жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» – деп, әлденеше рет айтты. Ыбырай – халықтың сүйген ұлы. «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді, мен қайтып жалғыз болайын?» – деді бір сөзінде.

«Адамзат бағбаны» атанған ұлы кәсібіне шын жүрегімен берілген, мамандығын мақтан тұта сүйетін, мақсаты мен міндетін айқындап, жауапкершілігін терең түсінетін ұстаз ғана адам тағдырына, ел мүддесіне, ұлт тәрбиесіне барын салады. Ыбырай-осындай ұстаздардың ұстазы еді. Ал, бізге жүктелген міндет – Ыбырайдың аңсаған арманын жүзеге асыратын ұлағатты ұстаз болайық!